

ALTERNATIVA FILM PROJECT

by inDrive

ALTERNATIVA FILM AWARDS АЛМАТЫДА INDUSTRY DAYS ӨТКІЗЕДІ

Alternativa Film Awards жаңа киносыйлығы Industry Days – Алматыда желтоқсан айында кино саласының өкілдері мен кең аудиторияға арналған индустриялды іс-шаралардың тізбегін өткізеді. Іскерлік бағдарламаның негізгі шарасы Филиппиндік режиссер және продюсер Брийанте Мендосамен бірге паблик-ток, халықаралық кинематографистердің қатысуымен қоғамдық пікірталас құралы ретінде кино туралы дөңгелек үстел, сондай-ақ Орталық Азия киноиндустриясының өкілдеріне арналған дөңгелек үстел болады.

"Alternativa Film Awards салтанаты Алматыда Орталық Азия кино қоғамдастығының маңызды бөлігін құрайтын сыйлықтың халықаралық қазылар алқасының мүшелерін, номинанттарын және қонақтарын жинайды, - деп түсіндіреді Алена Бочарова. - Біз осы мүмкіндікті пайдала отырып, олардың қатысуымен де, олар үшін де бірқатар әңгімелер дайындадық. Бұл әңгімелер жаңа адамдармен танысуға мүмкіндік және аймақ индустриясы үшін маңызды тақырыптарды қоғамдық алаңға шығару тәсілі болады деп үміттенеміз".

Жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту, болашақ мамандарды медиа және кино нарығының талаптарына дайындау, қазақстандық және халықаралық креативті индустрия үшін кадрлар қалыптастыру мақсатында Alternativa Film Awards индустриялық бағдарламасының серіктесі Almaty Management University Media and Film School - 2021 жылдың сәуір айында Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" АҚ-мен серіктестікте құрылған индустриядағы мектеп болады.

Alternativa Film Awards-тан Industry Days жоспары

2 желтоқсан // AlmaU Атриум // 11.00 – 13.00

Режиссер Брийанте Мендосамен паблик-ток

Тілі: ағылшын (ілеспе аударма: қазақша / орысша)

Шараға тіркелу:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdzfANJhosFfRX6B89Dw2eFgqz_SKP9uHvhq6iIwEl_zfD5Bw/viewform

Industry Days аясындағы режиссермен ашық диалог форматында басты шара – көрермендер залдан сұрақтар қоя алады. Кинематографтың қоғамдағы рөлі және режиссердің мамандықтағы жолы туралы әңгіме.

Брийанте Мендоса — 2009 жылы «Қасапхана» (Kinatay) фильмі үшін Канн фестивалінің Үздік режиссерлік сыйлығын жеңіп алған алғашқы филиппиндік

режиссер және продюсер, сонымен қатар Францияның өнер және әдебиет орденінің иегері болған алғашқы филиппиндік. Мендосаның «Минданао» (2019), «Мама Роза» (2016), «Тұзақ» (2015), «Құрсақ» (2012) және «Лола» (2009) фильмдері де Берлин мен Венециядағы кинофестивальдерге қатысып, жеңіске жетті. Мендоса филиппиндік жас кинематографистерді және Филиппинде кино білімін арттыруды үнемі қолдайды: ол өз елінде кино қоры мен кинофестиваль құрды, сонымен қатар үнемі режиссерлік шеберлік сабақтарын өткізеді. Брийанте Мендоса өзінің режиссерлік тәжірибесі, кинематография мен импакт-киноның қазіргі рөлі, кино тілінің эволюциясы және Филиппин киноиндустриясының даму үрдістерімен Алматы кинематографиялық жоғары оқу орындарының студенттерімен, киносыншылармен, Орталық Азия және одан да ары – Азия аймағынан келген зерттеушілер мен кинорежиссерлармен бөліседі. из Центральной Азии и, шире – Азиатского региона.

Модератор: киносыншы Гульжар Машрапова

2 желтоқсан // AlmaU Атриум // 13.30 – 15.00

Паблик-ток «Қоғамдық пікірталас құралы ретінде кино»

Тілі: ағылшын (ілеспе аударма: қазақша / орысша)

Шараға тіркелу:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfgGgSXG_mTO2-iAWwmj1DaeZWnc5FWkYCjMv-djn7cmpLGgw/viewform

Кино әлеуметтік процестерге қалай әсер етеді және қоғамдық пікірталасқа қалай көмектесетіні жайлы Alternativa Film Awards қазылар алқасы мен сараптамалық кеңесінің мүшелері сөз қозғайтын болады. Оның құрамына фестивальдар мен мәдени орталықтардың кураторлары, киносыншылар, режиссерлер, продюсерлер және Орталық Азия елдерінің және басқа да Азия елдерінің мәдени журналистері, кино мен импакт қиылысында іске асырылған жобалар тәжірибесі бар Қазақстан мен Орталық Азияның халықаралық қоғамдық ұйымдары мен креативті индустрияларының өкілдері, сондай-ақ, Орталық Азияда әлеуметтік тақырыпта кеңінен айтылған фильмдердің режиссерлері мен продюсерлері кіреді.

Спикерлер: Гита Саэди Киели, Прасанна Витханаге, Ринту Томас, Юн Ли және кино саласының басқа да мамандары

Модератор: Гита Саэди Киели, FilmAid (АҚШ) гуманитарлық ұйымының директоры

3 желтоқсан // Smart Point Амфитеатр // 13.00 – 15.00

«Орталық Азия бірегейлігі: аймақтың кинематографиялық нарративтері мен трендтері» Орталық Азия кинематографистерімен паблик-ток

Тілі: орыс

Шараға тіркелу:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfnfsU6FvSmK_s2t7NN-3HGXA4D1sdIxxpHrTUJk_iWOZ9VeA/viewform

Орталық Азия авторларының жаңа буынының киносы әлемдегі аймақтың бірегейлігі мен даралығы туралы түсінік қалыптастырады. Режиссерлер мен продюсерлер, номинанттар, қазылар алқасы мен сыйлықтың іріктеу комитетінің мүшелері, сондай-ақ Орталық Азиядағы киноиндустрияны дамытумен айналысатын институттардың өкілдері бүгін аймақтың киносы қандай болуы керек, ол қандай құндылықтарды көрсетеді, қалай дамып, әлемдік кинематографияға ене алады және жергілікті көрермендермен қалай диалог жүргізу керектігін талқылайды.

Қатысушылар: Жаныл Жусупжан, Юлия Ким, Айсұлтан Сейітов, Баян Алагузова, Катерина Суворова

Модератор: киносыншы, сценарист Карим Кадырбаев

4 желтоқсан // Alternativa Film Project пен Vlast.kz баспасының жабық дөңгелек үстелі

"Мәдениетке инвестициялар қоғам мен ұлттық бірегейлікті дамыту құралы ретінде"

Жабық дөңгелек үстел "Власть" баспасымен бірлесіп, мәдени институттарды, бастамалар мен өнер туындыларын қолдау арқылы мәдениетті дамытуға инвестиция салатын және осылайша қоғамның ең жоғары қажеттіліктеріне жауап беретін және тұтастай алғанда ел мен өңірдің имиджіне әсер ететін Қазақстаннан ықпалды адамдарды жинайды.

Модератор: Вячеслав Абрамов, журналист, Қазақстандағы басты тәуелсіз жаңалық және аналитикалық интернет-портал – Vlast.kz негізін қалаушы және бас директоры.

#

Alternativa Film Awards – 2023 жылы Орталық Азияда inDrive жаһандық технологиялық компаниясы іске қосқан Alternativa Film Project халықаралық коммерциялық емес жобасының бөлігі. Жоба дамып келе жатқан киноиндустриялардың кинематографистерін қолдау және ілгерілету үшін жасалған, оның міндеті – халықаралық аренада жұмыстары әлем туралы түсінігімізді кеңейтіп, оны жақсы жаққа өзгертуге бағытталған авторларды көрнекі ету, оларға кәсіби өсу үшін ресурстар беру және жергілікті киноиндустриялар мен қауымдастықтарды дамытуға күшті серпін беруге көмектесу. Alternativa Film Project – географиясын біртіндеп кеңейте отырып, елден елге көшетін көшпелі жоба. 2023 жылғы басты бастамалар — Алматы мен Бішкектегі Alternativa Film Labs аясындағы үш білім беру бағдарламасы, сондай-ақ басты оқиға – Алматыда 2 желтоқсанда өтетін Alternativa Film Awards халықаралық сыйлығының алғашқы табыстау рәсімі.

Медиа үшін байланыс

Анна Васильева

anna.vasilyeva@alternativa.film

#